



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

02 қыркүйек 2025 жыл

№ 181/К

Қарағанды қаласы

город Караганда

Буллингтің алдын алу және  
«ДосболLIKE» бағдарламасын  
іске асыру туралы бұйрық

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 «Балаға қатысты қорлау (буллинг) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте білім алушылар арасындағы буллингтің (қорлаудың) алдын алуға арналған «ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыруды ұйымдастыру.

1.1. Педагогикалық кеңесте келесі құжаттарды қарап, бекіту:

1.2. Антибуллингтік команда туралы ережені;

1.3. Мектептегі әрекет ету алгоритмін.

2. Мектептің тәрбие жұмысы жоспары мен ішкі бақылау жоспарына қосымша бөлім енгізілсін: «Білім алушыны қорлаудың (буллингтің) алдын алу» жаңа бағытын ашып, іс-шаралар өткізу мерзімдерін нақты белгілеу.

3. Антибуллингтік команда келесі құрамда бекітілсін:

Топ жетекшісі:

- Мисюрина Н.М. – КММ «Мектеп-лицей №66» директоры

Команда мүшелері:

- Сарсембаева А.Ж. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- Баербекова А.Е. – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
- Солтанбекова Г.Е. – педагог-психолог
- Советова Н.М. – әлеуметтік педагог
- Чистякова К.П. – дене шынықтыру пәні мұғалімі
- Мырзагулова А.Ш. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
- Мебония Елена Владимировна – 5 «Б» сынып ата-аналар комитетінің мүшесі
- Акатаева Аида Нояновна – 7 «Е» сынып ата-аналар комитетінің мүшесі
- Сакипова Г.А. – техникалық қызметкер

Хатшы:

001930

- Ткаченко С.А. – педагог-психолог

4. Антибуллингтік команда балаға қатысты буллингтің (қорлаудың) алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Сынып жетекшілерінің, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына «ДосболLIKE» буллингтің алдын алу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар енгізілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



**Н.М. Мисюрина**

Бұйрықпен таныстым:  
А.Ж.Сарсембаева

